

**Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 18 тамыздағы № 223 "Өнеркәсіп статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 23 тамыздағы № 243 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 19 қазанда № 7268 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2013 жылғы 07 тамыздағы № 177 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Статистика агенттігі төрағасының 07.08.2013 № 177 бұйрығымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Қолданушылардың назарына!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.**

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Өнеркәсіп статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 18 тамыздағы № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6489 болып тіркелген, 2011 жылғы 15 ақпандағы № 54-55 (26475-26476), 2011 жылғы 16 ақпандағы № 56-57 (26477-26478) «Казахстанская правда» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

15, 16-қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Агенттіктің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Стратегиялық даму департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Агенттіктің Стратегиялық даму департаменті осы бұйрықты Агенттік құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттіктің Жауапты хатшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә.Смайылов

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және жаңа технологиялар  
Министрінің міндет атқарушы  
А. Рау

2011 жылғы 16 қыркүйек

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасы  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық істері агенттігінің Төрағасы  
С. Нокин


2011 жылғы 22 қыркүйек

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының  
Мұнай және газ министрі  
С. Мыңбаев

2011 жылғы 28 қыркүйек

Қазақстан Республикасы  
Статистика агенттігі Төрағасының  
2011 жылғы 23 тамыздағы  
№ 243 бұйрығына  
1-қосымша

	Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді Confidentiality guaranteed by state statistical agencies	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасы міндетін атқарушының 2010 жылғы 18 тамыздағы № 223 бұйрығына 15-қосымша
	Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан Statistical form for general state statistical observation	Приложение 15 к приказу исполняющего обязанности председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 18 августа 2010 года № 223
Аумақтық органға тапсырады Представляется территориальному органу	Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, час (нужное обвести)	




**\* Өнеркәсіп өнімдерінің статистикалық жіктеуіші**

Статистический классификатор промышленной продукции

**\*\* Орташа бір тәуліктегі немесе бір айда (бір тәуліктегісін көрсетуге мүмкін болмаған жағдайда)**

В среднем за сутки или за месяц (в случае если нельзя указать за сутки)

**Ынтымақтастығыңыз үшін алғыс айтамыз!**

**Благодарим за сотрудничество!**

Қазақстан Республикасы  
Статистика агенттігі төрағасының  
2011 жылғы 23 тамыздағы  
№ 243 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Статистика агенттігі Төрағасы  
міндетін атқарушының  
2010 жылғы 18 тамыздағы  
№ 223 бұйрығына  
16-қосымша

**«Өнеркәсіп өнімін өндірумен айналысатын жеке кәсіпкерлерді іріктеп зерттеу сауалнамасы» (коды 0352105, индексі ЖК-001, кезеңділігі бір жолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Өнеркәсіп өнімін өндірумен айналысатын жеке кәсіпкерлерді іріктеп зерттеу сауалнамасы» (коды 0352105, индексі ЖК-001, кезеңділігі бір жолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру тәртібін нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру үшін қолданылады.

1) өнеркәсіп өнімдерін өндіру – ол өзінің қажеттіліктеріне пайдалануға және

сатуға арналған заттай көріністегі өнімнің шығарылымы;

2) өндірілген өнім көлемі – тапсырыс бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтерге арналған өзі шығарған (өз шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бұйымдардың (өнімдердің), жартылай фабрика ттардың қ ұ н ы .

3. Шығарылған өнім түрінің атауы және өлшем бірлігі А мен В бағандарында көрсетіледі. 1 және 3-бағандарда бір тәулікте өндірілген заттай және құндық көріністегі өндірілген өнеркәсіптік өнімнің көлемі көрсетіледі. Егер де бір тәулікте өнімнің көлемін көрсету мүмкін болмаған жағдайда (мәселен: жиһаз жасау, киім тігу және тағы басқа), онда өнім өндіруді 2 және 4-бағандарда көрсету керек (тұтастай ай бойынша).

5-бағанда өнеркәсіптік өнімді шығару жүзеге асырылған 1 айдағы күнтізбелік күннің санын көрсету қажет (1 және 3-бағанда деректер болған жағдайда).

6-бағанда есепті жылдың бірінші жартыжылдығында өнеркәсіптік өнімді шығару қанша айда жүзеге асырылғанын көрсету керек (1, 2, 3 және 4-бағанда деректер болған жағдайда).